

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

Интеллектуальные информационные технологии (ИИТ) позволяют людям быстро анализировать ситуации в разных областях их деятельности, а также выводить варианты решений по управлению.

Интеллектуальные информационные технологии разрабатываются при формировании информационных систем и информационных технологий с целью повышения уровня эффективности использования накопленных знаний и принятия решений в условиях, связанных с вероятными трудными ситуациями. Более того, все жизненные или финансовые случаи представлены в виде определенной модели познания, которая в дальнейшем используется в качестве основы для формирования и реализации моделей, в том числе компьютерные[6].

В итоге хочу сказать, что интеллектуальные информационные технологии и системы постоянно развиваются, и от того, насколько мы активно будем применять их во всех областях деятельности (будь то управление бизнесом, поддержка принятия управленческих решений или обучение), зависит качество нашей жизни.

Список использованных источников

1. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании. - М.:Школа-Пресс, 1994.
2. Инновационные технологии в образовании / Под ред. Абылгазиева И.И., Ильина И.В. / Сост. Земцов Д.И. - М.: МАКС Пресс, 2011. - 141 с.
3. Интеллектуальные информационные системы и технологии: Монография / А.В. Остроух, Н.Е. Суркова. – Красно-ярск: Научно-инновационный центр, 2015 – 370 с.
4. Корнеев И.К., Ксандопуло Г.Н., Машурцев В.А. Информационные технологии. - М.: ТК Велби, Проспект, 2009. - 224 с.
5. Зайцева С.А., Иванов В.В. Современные информационные технологии в образовании// <http://sgpu2004.narod.ru/infotek/infotek2.htm>
6. Гордиевская С.П. Русская грамота. Звук [о], буквы О, о // Преподавание в начальной школе// <http://festival.1september.ru/articles/606542/>

ӘОЖ 159.922

ҚАҒАЗБЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Төребекова Айғаным Нариманқызы

zhumabekova.58@mail.ru, a.torebekova.00@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші- профессоры, п.ғ.к., Ф.Н.Жұмабекова

Қазіргі кезеңде Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Осы орайда, алға қойған мақсатымыз мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында

балабақшаның оқу-тәрбие үдерісінде «Қағазбен жұмыс жасау» технологиясын жаңаша бағытта пайдалану арқылы шығармашыл, көркемдік өнер туындыларын меңгерген, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, болашақ ұрпақ тәрбиелеудің маңыздылығы артып отыр [1].

Балабақшадағы көркемдік тәрбие мәселесі Ресей педагогика ғылымдары академиясының мектепке дейінгі тәрбие ғылыми зерттеу институттарында бейнелеу өнері бойынша (Н. П. Сакулина, Т. С. Комарова, Т. Г. Казакова, В. Б. Косминская, Е. Г. Ковальская, И. Л. Гусарова, Е. А. Флерина, З. А. Богатеева, Т. Н. Доронова, Г. Н. Пантелеев, И. Б. Халезова, Л. В. Пантелева, С. Г. Якобсон т. б.), отандық ғалымдар: Т.А.Левченко, Алматылық оргиами шебері Александар Пак, Эрик Жуазель және қағазбен жұмыс жасау әдістемелік еңбегінің авторы Ф.Н.Жумабекова, «100 поделок» еңбегінің автор Г.И.Долженко т.б. т. б.) арнайы зерттеулер жүргізіп, эстетикалық тәрбиенің кейбір жекелеген жақтары арасындағы байланыстарды теориялық тұрғыдан негіздей отырып, тәжірибеге енгізді.

Көркемдік іс-әрекеттің бұл түрімен айналысу баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, құру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, ырғақты түсті сезінуін дамытады. Сонымен қатар шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін қалыптастырып, бастаған ісін аяғына дейін аяқтауға, еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылдырады. Дайын болған жұмыстың ұқыпты, сәтті шығуы, әсерлілігі баланың көркемдік талғамын ұштастыруға, заттар мен құбылыстарды қабылдауға, талдауға, бағалай үйретуге ықпал етеді. Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс істеу балалар үшін сиқырлы жұмбақ әлем. Қағаздың ашық бояулары бейнелердің үйлесім тауып дәл орналасуы бүлдіршіндерді тандандырып, еріксіз өзіне тартады. Қағазбен жұмыс істеу іскерліктерін меңгеру сәбилер тобында «желімсіз жапсыру» дидактикалық ойындар арқылы жүргізіліп, тәрбиеші келесі топтарда дайын қиылған негізгі бөлшектерді беріп, балалар оны өздері түр-түсіне, көлемі, пішініне қарай қағаз бетіне рет-ретімен орналастырып алып, біртіндеп желімдеу дағдыларын игеруіне де байланысты болмақ. Ал, естиярлар мен ересектер тобында түрлі - түсті қағаздармен, қайшымен, желіммен жұмыс жасау біртіндеп күрделене түседі. Қиюдың әртүрлі әдіс-тәсілдерін меңгере бастайды. Мектепалды тобында балалар әр түрлі әдіс-тәсілдерді күнделікті іс-әрекетінде қолдана білуге, алған білім, білік дағдыларын үнемі қайталап, іс-әрекетке бағыттап отырса еңбек нәтижелі болады. Тәрбиелеу мен білім беру үрдісінде жапсыру жұмыстары арқылы балаларға қағаздар құпиясын танып білерлік қызықты түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру тәрбиеші-педагогтың шеберлігіне, ізденімпаздығына байланысты. Осы құралда, қарапайым заттық тақырыптарда қиып жапсыру әдіс-тәсілдері мен қағазды қию, сәндік қию және оригами өнерін игеруге арналған үлгілерді ұсынып отырмыз. Арнайы жеке мақсат-міндеттері мен әдіс- тәсілдері келесі бөлімде ашып көрсетіледі. Жапсыруда бейнелерді орындау қол бұлшық еттерін дамытуға, қимылдарды үйлестіруге жәрдемдеседі. Бала қайшы ұстауға, қағаз парағын бұра отырып, пішіндерді дұрыс қиып алуға және оны қағаз бетіне бір-біріне бірдей

қашықтықта орналастыруға үйренеді. Әр түрлі бейнелерді қиюға, қағаз түстерін таңдай білуге, қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайланып, орналастыруға, қайшымен еркін жұмыс істей білуге үйрету. Геометриялық фигураларды қиюды бекіту, олардан белгілі бір заттың бейнесін немесе арнайы композиция құра білуге дағдыланады.

Қию түрлері: жеке бөліктері бойынша, қос бүктеп, қатпарлап бүктеп, бірнеше қабаттап бүктеп, шеткі сызықтары бойынша жұлмалап, сұлбасы бойынша қию әдіс-тәсілдерін біртіндеп күрделендіре отырып меңгерту. Қымбатты тәрбиешілер, ұстаздар, ата-аналар, балаларыңызға сиқырлы қағаздардың сырын ашып, құпиясын жеткізе білуде іскерлік пен шығармашылық шабыт тілейміз!

5-6 жастағы балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруда алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Жұмыстың бұл түрін игеруге дайындық жаттығулары-мозаикамен ойнау болып табылады. Қиылған қағаздардан бейнелер құрау, жапсыру іскерліктерін меңгеру, кесінділер кесу, оны қағаз бетінде түрлі композиция жасап орналастыру ойын-жаттығулары көмектеседі. Бос уақыттарында және арнайы сабақтарда балалар дайын геометриялық пішіндерді қатарластырып қояды немесе өздері қиып дайындап, олардың ерекшеліктерімен, түстерімен, көлемімен, кеңістікте орналасу әдіс-тәсілдерімен танысады, қайшыны қолдануға жаттығады. Қағазбен жұмыс жасаудың бірнеше жолдары бар. Атап айтқанда: қағаз бетінде жазықтықта жапсыру, қағазды бүктеу арқылы әртүрлі бейнелер жасату, яғни оригами өнері, сонымен қатар қағаздан ауқымды бейнелер жасату т.б.

Қағазбен жұмыс жасау барысындағы тағы бір ерекше технология ол – Оригами. Оригами – жапон елінің ұлттық өнері. Оригами (жапонша – “күрделі қағаз”) – ежелден келе жатқан қағаздан әр түрлі мүсін жасау өнері. Жапондық оригами шеберлер, Миссуи Йошино, Джоул Купер т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Бұл қолөнер түрі қағаздың алғашқы отаны – Қытай мемлекетінен бастау алады. Алғашқы кезде оригамиге тек жоғарғы мансапты бай-ауқаттылар ғана қол жеткізген. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін оригами Шығыстан Еуропа мен Америкаға дейін тарала бастады. Оригамидің ең қарапайым түрі шаршы пішінді қағаздан жасалады. Өнердің бұл түрімен шеберлерден бөлек, әуесқой адамдар да айналыса береді. Оригами үйінің директоры Макото Ямагути: «Оригами авторлары қағаз парақтарына нақыш бере отырып, түрлі элементтермен дизайндық туындылар жасайды. Көптеген оригами шеберлері 20 мен 30 жас аралығындағы жастар. Олардың оригамиге берілгендігі соншалықты үйлерінен шықпай қоғаммен араласуды тоқтатқан», – деп әңгімелейді. Оригами өнерінің шебер майталмандарының бірі – 22 жасар Сатоси Камия. Шебердің қолымен үлкендігі 120 см болатын техникалық жағынан қиын саналатын таңғажайып айдаһардың келбеті жасалды. Ол оригамимен 17 жасынан бастап айналысып келеді. Оның жеке туындылары тізбегіне Т-тех – солтүстік бұғы үлгісі, Бахамут – мифологиялық тіршілік иелері кіреді. Камия өзі: «Мен бұл айдаһарды жасауға қанша уақыт кетіргенім есімде жоқ, бірақ екінші рет жасамасым анық», – деп мұндай

туындының жасап шығудың оңай еместігін айтады. Оның өнер туындары Сан-Диегода, Мингей мұражайында көрсетілімге қойылған. Оригами өнерінің шебері саналатын Макото Ямагути 1989 жылы Оригами Үйін ашты. Ол жерде оригами шеберлері бір шаңырақта бас қосып, көкейіндегі ой-пікірлерін талқылап форум ұйымдастырады. Пайда болған жаңа тәсілдерді саралайды. Соның арқасында архитектуралық қиын мүсіндер дүниеге келеді. 1999 жылы Ямагути мен басқа да оригамишілер Жапония Оригами Академиялық Одағын (JOAS) құрды. Одақтың алдына қойған мақсаттары: шетелдердегі оригами өнерімен айналысып жүрген адамдармен байланыс орнату. Жыл сайын «Одақ» әдеттегі халықаралық көрмелерін ұйымдастырады. Ең алғашқы оригами оқулықтары ретінде 1797 жылы Эдо кезінде (1603-1868) "Хидэн сэмбадзуру ориката" атты кітап шыққан. Кітапта классикалық үлгідегі тырналардың жүздеген диаграммалары мен суреттемелері бар. Қазіргі уақытта Токиодағы "Ниппон оригами" дейтін ассоциацияда 30 елден 10 мыңға жуық мүше бар. Олар: Белгия, Ұлыбритания, Колумбия, Египет, Кения, Ресей және АҚШ мемлекеттерінен. **Оригами** – жапон тілінен аударғанда қағазды бүктеу, ол жай ғана бүктеу емес, арнайы белгілі бір (бейнеге келтіріп пішін жасау. Бұл жерде авторға қағаздың өзі көмекші болады. Бұл ойын түрінде – 500 жылдық ертеректе басталса да әлі күнге дейін қуын жаймай келеді. Оригами арқылы баланың бейнелі ойлауы дамиды, кеңістікті бағдарлау, шеберлік, іскерлік дағдылары қалыптасады. Шығармашылықты дамыту үшін ең бастысы: бала үнемі белгілі бір қарапайым және күрделі мәселелерді шешіп отырады. Бірнеше бүктеу сызықтары арқылы белгілі бір бейнеге келтіруге үйренеді. Қағазды бірнеше рет қабаттап бүктеу арқылы белгілі бір заттың бейнесін жасатуға болады. Мектепалды тобында балаларға қағазды бүктеуде ойын-жаттығулардың аттарын айта отырып еске түсіріп өтеді де бейнені жасатуда күрделі бүктеулерді ғана көрсетіп, түсіндіріп бірге жасайды. Балаларға түсінікті болған соң, оның өзіне таныс әдіс-тәсілдерді күнделікті іс-тәжірибесінде колданады [5].

Оригами – оны түсіндірудің өзіндік «құпия» тілі бар. Ол балаларға түсінікті болатындай, яғни өзіне таныс әдіс-тәсілдер, күнделікті тәжірибесінде кездесетін іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы: 1. «Орамал» - шаршы парақты қағаз ортасынан бойынша үшбұрышты етіп бүктеу.

2. «Кітапша» - парақ қағазды ортасынан вертикаль бағытта бүктеу.

3. «Конверт» - парақ қағаздың төрт бұрыштарын дәл ортаңғы нүктеге бұрыштарының ұштарын түйістіре бүктеу.

4. «Үй» - парақ қағазды тігінен қайып жоғары екі бұрышы ортаға қабырғаларын түйістіре бүктеу.

5. «Ұшақ» - шаршы қағазды ортасынан бойынша бір бүктеп оның екі бұрышын ортасына қарай тағы бір бүктеу

6. «Ромб» - «ұшақ» тәрізді бүктеп, төменгі бөлігін екінші рет ортасына қарай тағы бір бүктеу қажет.

7. «Ирек немесе басқыштар» - «ұшақ» тәрізді. Осы қарапайым әдіс-тәсілдерді балалабақшада жас ерекшелігіне қарай біртіндеп күрделендіре отырып төмендегідей аңдар, құстар т.б бейнелерді қағаздан бүктеп жасауды үйретеміз. Мысалы өзім балабақшаға барғанда тәжірибеде пайдаланған бірнеше үлгілерді жасап көрсеткім келеді.

Аталған қарапайым іскерліктері меңгерту сәбилердің екінші тобынан басталады да естиярлар тобында 2-3 бүктелетін заттар, ересек, мектепке даярлық тобында қағазды бүктеу арқылы тәрбиеші қарапайым және күрделі тапсырмаларды шешуде баланы үнемі шығармашылыққа бағыттап отырады. Мәселен: бала құстардың немесе аңдардың бейнесін қағаздан бүктеп жасайды да оларды қағаз бетіне орналастырып, мазмұн бере толықтырады. Оригами балаларда сананың бақылауымен, қолмен жұмыс істеу қабілетін дамытады, көз өлшегіштің дамуы орын алады. Оригами жадының дамуын да ынталандырады, өйткені бала қол өнер жасау үшін оның жасау ретін, бүктеу тәсілін есте сақтау керек. Оригами балалардың негізгі геометриялық ұғымдармен (бұрыш, квадрат, үшбұрыш, тіктөртбұрыш т.б.) таныстырады, сонымен қатар сөздік қорын арнайы терминдермен байытады, ойлау процестерін белсендіреді.

Ойымызды қорытындылай келе, баланың өсіп жетілуіне, дамуына, тұлға болып қалыптасуына барлық дерлік, балаға пайдалы технологияның маңызы мен әсері көп. Осы «Қағазбен жұмыс жасау» технологиясын балаларға пайдалана отырып, баланың бойындағы шығармашылығын оятып қана қоймай, барлық мүмкіндіктерін ашуға ықпал ететініміз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі «Білім туралы заң» 27.07.2007ж.(өзгеріс толықтырулары 13.11.2015ж/ 13.05.2016ж)
2. Жумабекова Ф.Н. Қағазбен жұмыс жасау. Алматы, Ақнұр баспасы, 2016.
- 3.Афонкин С.Ю, Афонькина Е.Ю. «Балалар мен ересектерге арналған оригами энциклопедиясы»,2008.
4. Соколова С.В. «Оригами для дошкольников», МДҰ тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құрал. 2008.
5. <https://massaget.kz/layfstay1/bilim/zharatylystanu/18577>

ӘОЖ 159.972

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Уасхан Айгерім Нұрланқызы

sps11_enu@mail.ru

6М066-3103 - «Психология» мамандығының 1 курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,